

Байкабилов Усербай Алимханович
Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік
педагогика институты аға оқытушысы

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация: Түркі тілдеріндегі құрмалас сөйлемдердің жалпы мәселелері аталған сөйлем типінің пайда болу жолдарын анықтау мен дамуын қарастыруды көздейді.

Кілтті сөздер: құрмалас сөйлем, салалас, сабақтас, жай сөйлем, етістік, көне жазбалар тілі, адстрат, субстрат.

BAYKABILOV USERBAY ALIMKHANOVICH
Senior Lecturer Chirchik State Pedagogical Institute
of Tashkent region

WAYS OF FORMATION OF COMPOUND SENTENCES

Abstract: The general tasks of the compound sentences of the Turkic languages are aimed at identifying and developing ways of forming this type of sentences.

Keywords: complex sentence, related, contiguous, simple sentence, verb, language of ancient scriptures, ad stratum, substratum.

Күрделі ой мен күрделі пікірді білдіру үшін қызмет ететін құрмалас сөйлемдер және басқа да ой білдіруде қолданылатын түрлі құрылымдар қазіргі заман көркем әдебиетінде, ғылыми және саяси шығармаларда жиі кездеседі. Десе де қандай тілдік бірлік болмасын оның өзіндік қалыптасу, даму тарихы болады. Құрмалас сөйлемдер жай сөйлемдердің негізінде қалыптасқан кейінгі құбылыс десек те, көне жазба ескерткіштер тілі аталған тіл бірлігінің сан ғасырлық тарихы бар екенін жоққа шығармайды.

Тарихи ескерткіштер тілі сол кезеңдегі тілдік сана мен құрылымды толық көрсете алмайды әрі оны қалпына келтірудің өзіндік қиындықтары да бар екендігін естен шығармауымыз керек. М.Ширалиев көрсеткендей,

жазба ескерткіштерде тілдің лексикалық және грамматикалық құрылымы толық әрі жан-жақты бейнелене алмайды, онда тек тілдің қолжазба және ескерткіштердің автор таңдап алған тақырыбы мен мақсатына сай шектелген «дәндері» көрінеді. (Проблема сложноподчиненного предложения. Жинақ: «Вопросы грамматики сложноподчиненных предложений в современном азербайджанском языке» Докт.диссавторэф. Баку,1963, 20-б) немесе Б.А.Серебренников айтқандай «Тілде қандай да бір сөздің не тұлғаның болмауы адам санасында соған сәйкес түсініктің жоқ екендігін көрсетпейді» (Н.З.Гаджиева, Б.А.Серебренников. «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков». Синтаксис. 43-б.).

Түркі тілдері үшін дамудың барлық кезеңдерінде жай сөйлемдердің бір-бірімен тіркесуі нәтижесінде пайда болған синтаксистік құрылымдар тән болғандығын көне түркі жазба ескерткіштерінің тілдік фактілері нақтылай түседі.

*Қағанның сабын алматын,
Иерт-сайу бардығ,
Көп анта алқынтығ, арылтығ,
Анта қалмыш йер-сайу көп
Тұру-өлу йорыйур ертіг,
Теңрі йарлықадуқын үчін,
Өзім құтым бар үчін,*

Қаған өлуртым (Күлтегін, Бірінші жыр.) (Аудармасы: Қағаныңның тілін алмадың, Жер-жерге бардың, Онда көп алқындың, арылдың, Сонда қалғандар жер-жерге қаңғып Өлімші босқын боп еді,Тәңір жарылқағандықтан, Өзімнің құтым бар болғандықтан, Қаған болып отырдым) (1, 16). Жалпытүркілік тарихи ескерткіштер мен кейбір тілдерге ғана тән деп есептелетін тарихи ескерткіштер материалдарында жай сөйлемдер жиі кездеседі десек те, салаласа, сабақтаса байланысқан

құрмалас сөйлемдердің де аз еместігін жоғарыдағы мысал да дәлелдей түссе керек.

Түркі тілдеріндегі құрмалас сөйлемдердің жалпы мәселелері аталған сөйлем типінің пайда болу жолдарын анықтау мен дамуын қарастыруды көздейді. Кейінгі зерттеулерде бұл мәселелер қарастырылғанымен, ол әлі жан-жақты шешемін тапты деп айтуға болмайды.

Қазіргі әдеби тіліміздің барлық жанрында қолданылатын құрмалас сөйлемнің қалыптасып дамуы бір күннің жемісі емес. Бұл жөнінде Төлеубай Қордабаев «Көрнекті ғалымдардың айтуына қарағанда, тіл дамуының көнерек заманында сөйлем құрамындағы сөздерді, сол сияқты жай сөйлемдер бір-бірімен байланыстыратын қазіргі дәнекерлер, тәсілдер болмаған. Ол уақыттағы сөздер, сөйлемдер арасында қазіргі тіліміздей бірі екіншісіне меңгеріліп, жетектеліп бірі екіншісін меңгертіп, жетектеп, өзіне тәуелді етіп тұру сияқты байланысу тәсілдерінің анағұрлым берік түрлері болмаған. Сөздер, сөйлемдер байланысындағы бұл тәсіл олардың тұрған орындарына мағына желілерінің жақындықтарына қарай бір-бірімен қабыса, іргелесе байланысу тәсілі болған. Сөз бен сөздің сөйлем мен сөйлемнің бір-бірінен арақатынасы тығыз, берік болмағандықтан, оларда дербестік, бір-біріне тәуелсіздік күшті болған» дейді (4.24).

Тіл дамуының көне заманында сөздердің де, сөйлемдердің де арасында дербестіктің, бытыраңқылықтың басым болғандығын үнді-еуропа тілі синтаксисін зерттеген ғалымдар да көрсеткен.

Түркі тілдеріндегі бағыныңқы құрмалас сөйлемге қатысты басты мәселелер сөйлемнің пайда болу жолдары мен дамуын анықтаумен байланысты. Соңғы жылдардағы зерттеулерде бұл мәселелер жарым-жартылай шешілгенмен осы күнге дейін анықталмаған даулы мәселелер де жетерлік.

Бағыныңқы құрмалас сөйлемдердің пайда болу жолдары туралы теорияның негізін А.Рифтин салғаны және оның А.А.Потебняның кейбір

дәлелдеріне сүйенгені мәлім. Осы теорияға сәйкес бағынықы құрмалас сөйлемдердің дамуындағы екі жол салаласу негізінде екі жай сөйлем бірігіп, нәтижесінде бағынықылы құрмалас сөйлем құрауы; жай сөйлемнің етістік тіркестері бағынықы сөйлемге айналып, бағынықы құрмалас сөйлем құруы туралы көзқарас тілші ғалымдар арасында бірауыздан мақұлданды деуге болмайды. Кейіннен Г.С.Кнабе бұл теорияны жоққа шығарады. Ол үндіеуропалық тілдерде етістікті оралымдардың бағынықы сөйлемге айналуының кездеспейтіндігін ескертеді. (3.29). Осылайша А.Рифтин ұсынған дамудың екінші жолын үндіеуропалық тілдердің материалдары нақтылай алмады. Дегенмен көптеген түркітанушылар А.Рифтин көзқарасын қолдады.

Ғалымдардың айтуынша, алдымен салалас құрмалас пайда болған да, соның негізінде сөйлемнің әр түрлі дәнекерлер арқылы байланысатын түрлері, соның ішінде сабақтаса байланысатын түрлері тіл дамуының кейінгі дәуірлерінде пайда болған. Аталған тұжырымды нақтылай түсетін Ф.Е.Корштың пікірін келтіре кетейік: «В истории синтаксического развития речи сочинение предшествует подчинению, древнейшими способами следует признавать присоединение к логически главному предложению другого логически подчиненного, но грамматически вполне самостоятельного с соединительным союзом или без всякой внешней связи. Первый из этих двух способов чуть ли не древнее, чем второй, так как бессоюзие предполагает уже такое сильное развитие логического подчинения, которое неизбежно должно выработать для себя особенную внешнюю форму» (4.84). Бұл пікірдің дұрыстығын түркі тілі жазба ескерткіштер фактілері де дәлелдейді. Мұны «Құрмалас сөйлем және олардың жалум жолдары» деген мақаласында Н.Сауранбаев та айтқан еді: «Жеке сөйлемдердің бір-бірімен байланысуы сияқты жеке сөйлемдер де өзара байланысатын болған» (5.113). Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеуші ғалымдар шығу тегі жағынан жалғаулықсыз салаластардың

алғашқылығын, жалғаулықты салаластардың эпитафиялар тілінен кездеспеуін олардың тарихи жаңа категория екендігімен байланыстырады (6.99). Расында да көне жазбалар тілінен бір-бірімен ешбір дәнекерсіз, қатар тұрып байланысқан сөйлемдерді жиі кездестіруге болады. Атым Ел Туған тутуқ, бен теңрі елімке елшісі ертім, алты бағ будунқа бег ертім. Аудармасы: Атым – Ел Туған тутуқ, мен тәңірлік елімнің елшісі бодым, алты баулы халыққа бек болдым. (Талас жазуының ескерткіштерінен). Ебліг аты тучайан оғлы аты Қара чур. Аудармасы: Әйелімнің аты – тучайан, ұлым аты – Қара чур. (Енисей жазуының ескерткіштерінен).

Құрмалас сөйлемнің бастапқы түрі болып саналатын көне заманғы салалас құрмалас сөйлемді қазіргі тіліміздегі салалас құрмалас сөйлеммен тең дәрежеде қарауға болмайды. Ол кездегі сөйлеммен салыстырғанда тіл құрылысы күрделеніп, жаңалану үдерісінен өткеніне көз жүгіртуге болады.

Құрмалас сөйлемнің бастапқы көнетүркі болып табылатын паратасмстен кейінірек келе жай сөйлемдердің бір-бірімен сабақтаса құрмаласатын гипотаксис деп аталатын түрі пайда болған. Тіл дамуында, алдымен, сөздерді, жеке сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыратын дәнекерлер пайда болмайды, керісінше, алдымен сол дәнекерлерді керек ететін мұқтаждық пайда болып, соның қажет етуінің барын әр түрлі жалғаушы дәнекерлер пайда болғандығы айтылып жүр.

Сөйтіп әрқайсысы өз дербестіктерін толық сақтап компоненттері бір-бірімен нашар байланысатын құрмалас сөйлемнің бастапқы көне түрінің орнына компоненттері бір-бірімен тығыз байланыстағы жаңа түрі пайда болады. Құрмаластың ең бастапқы түрі болып табылатын паратаксис пен оның негізінде туған гипотаксистің бір-бірінен өзгешелігі тек байланыстырушы дәнекерлерде ғана емес, сонымен бірге олардың әрбір жеке компоненттерінің ішкі құрылыстарындағы жаңалықтарында.

Бұдан шығатын қорытынды: құрмалас сөйлемнің алғашқы түрі бір-бірімен мағыналық жағынан да, грамматикалық жағынан да нашар

байланысқан жеке, дербес жай сөйлемдердің өзара салаластық негізде байланыса айтылуынан пайда болған да, кейінірек келе сол салаластың негізінде компоненттері әр түрлі дәнекерлер арқылы байланысқан жалғаулықты салаластар мен бір-біріне бағына байланысатын сабақтас сөйлемдер қалыптасқан. Десе де, көне жазба ескерткіштер тілінде жалғаулықты салаластар мен сабақтастар болмаған деп ой түюге болмайды. Мысалы, көне түркі жазба ескерткіштерінде жалғаулықтар арқылы байланысқан сабақтас сөйлемдерді де кездестіруге болады. Кейіннен құрмалас сөйлемнің жаңа түрлері пайда бола бастады. Онда постпозициялық, яғни соңғы сөйлемнің баяндауышы көсемше формасын иеленген (Мысалы: Анта калмычы йір сайу көп туру өлу йорыйур ертіг – Ол жерде қалғандарың ел-елді тентіретіп, ит өлімші болдыңдар. Тәңрі күч биртүк учун, қаным қаған сүсі бқрі тег ерміс, йағысы қон тег ерміс – Тәңірім құдірет бергендіктен, әкемнің әскері бөрідей еді, жаулары қой сияқты еді). Көсемшелі тізбекті құрылымдар пайда бола бастап, кейін олардан сабақтас құрмалас сөйлемдер жасалды. Бағыныңқы сөйлемдері бар сабақтас құрмалас сөйлемдердің басқа тілдердегі бағыныңқы сөйлемдерге сәйкес келетін синонимдік, эднотендік құрылым ретінде айқындауышты сөйлем мүшелері бар сөйлемдер мен көсемше оралымдары бар тізбекті құрылымдар танылады.

Сөйлемнің күрделі құрылымының ары қарай дамуы төменде көрсетілген құрмалас сөйлемнің екі типінің өзара қосыла байланысуы арқылы жүреді: екі немесе одан да көп бір-бірімен іргелесе не жалғаулықтар арқылы байланысқан сөйлемдерден тұратын құрылымдар; тізбекті, көсемшелі құрылымдар.

Кейіннен бұл құрылымдар бағынышты кешендерге айналып, адстраттық және субстраттық факторлардың ықпалымен бағыныңқы сөйлемдері бар жалғаулықтары немесе жалғаулықсыз сабақтас құрмалас сөйлемдер формасына көшті. Көптеген түркітанушылар құрмалас

сөйлемнің пайда болуы туралы мәселелерді қарастыра келе, А.Рифтиннің көзқарасын ұстанады. Әзербайжан тіліндегі бағыныңқы құрмалас сөйлемнің пайда болу мәселесін қарастырған М.Ширалиев те жоғарыда көрсетілген екі жолды атап айтады.

Олардың екіншісі туралы айта келе, ол құрмалас сөйлем, көсемше немесе масдармен берілген және функционалды бағыныңқы сөйлемге бара-бар жай сөйлемнің бір мүшесінің грамматикалық дамуы нәтижесінде пайда болады дейді. Ол етістік тіркестердің бағыныңқы сөйлемге айналу жолдарын түсіндіреді. Ал түрік тілі синтаксисін зерттеушілер бұл тілде тек шартты бағыныңқылар ғана бар екенін, ал қазіргі түрік тіліндегі өзге бағыныңқылардың бәрі басқа тілдердің, әсіресе, парсы, француз тілдерінің ықпалынан пайда болған деп есептейді.

М.Ширалиевтің мақаласында тіркестердің бағыныңқы сөйлемге ауысуы туралы нақты дәлелдер болмағанмен автордың теориялық пікірінің дұрыстығы айтылып жүр.

Әзербайжан тілінде бағыныңқы құрмалас сөйлемдерге арнайы зерттеу жүргізген А.Абдуллаев, бір жағынан, М.Ширалиевпен келіспеді, себебі ол М.Ширалиев, А.Рифтин идеяларының әсерінде деп есептейді. Екінші жағынан, А.Абдуллаев бағыныңқы құрмалас сөйлемнің пайда болуы жай сөйлемнің «шектен шығуы» деп есептеп, бұл жолмен әдетте тіркестер бағыныңқы сөйлемге ауысатындығын көрсетеді. Н.Гаджиева керісінше бағыныңқы сөйлемдердің етістікті тіркестерден дамитындығын жоққа шығарады.

Әрине А.Рифтин теориясында да кемшіліктер жоқ емес. Біріншіден, бұл теория сабақтас құрмалас сөйлемдердің тікелей жай сөйлемдерден құралу мүмкіндігін жоққа шығарады. А.Абдуллаев, Н.Гаджиева және тағы басқа да ғалымдар бұл жолдың бар екендігін ғана емес, сонымен қатар оның көнеден келе жатқанын дәлелдейді. Бұл пікірді көптеген түркітанушылар қуаттайды.

Екіншіден, салаласа байланысқан құрмалас сөйлемдердің бәрі сабақтас құрмалас сөйлем бола алмайды. Бұл үдеріске олардың кейбіреулері ғана ұшырайды.

Сөйтіп түркі тілдерінде бағыныңқы құрмалас сөйлемдердің пайда болуының үш жолы болуы мүмкін:

1) Бағына байланысу негізінде жай сөйлемдердің тікелей бірігуі, сөйтіп бір сөйлемнің күрделі ойды білдіруі;

2) жай сөйлемдердің құрамындағы етістік тіркестердің тіл дамуы барысында бағыныңқы құрмала сөйлемге ауысуы;

3) кейбір салалас құрмалас сөйлемдердің бағыныңқы құрмалас сөйлемдерге ауысуы.

Құрмалас сөйлем төңірегіндегі (жалпы бүкіл синтаксис айналасындағы) айтыстар негізінде шындыққа негізделген материалды дәлелдейтін деректің аздығынан жиі пайда болатынын ескеру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. О.Нүсіпова. Көне түркі жазба мұралар тарихы. А., 2004.
2. М.Балақаев, Т.Қордабаев. қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. А.,1992.
3. Г.С.Кнабе. «Вопросы языкознания», 1, М., 1955.
4. Ф.Е.Корш. Способы относительного подчинения. М., 1977.
5. Н.Сауранбаев. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. А., 1998.
6. Ә.Құрышжанов, М.Томанов. Орхон-Енисей жазуы ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері. А., 1984.
7. Ғ.Айдаров. Күлтегін ескерткіші.А., 1995.